8D09102 - «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Қауымбаева Мөлдір Шәріпқызының «ШунгиҚұс» дәстүрлік емес азықтық қоспасын қолданған кездегі бройлер етін ветеринариялық-санитариялық бағалау тақырыбындағы орындалған диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс келесі бағдарламалар аясында орындалды: Ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министірлігі қаржыландыратын «Гранттық қаржыландыру № «Бақыршық кен орнының белсендірілген шунгиттері негізінде жаңа азықтық қоспаларды әзірлеу және олардың фармако-токсикологиялық қасиеттерін зерттеу, сондай-ақ оларды қолдану кезіндегі құс шаруашылығы өнімдеріне ветеринариялық-санитариялық баға беру» ғылыми жоба аясында орындалды
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторанттың орындаған ғылыми жұмысы ветеринария ғылымының дамуына үлесін қосады. Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша табиғи минерал шунгит негізінде дайындалған «ШунгиҚұс» дәстүрлік емес азықтық қоспасы пайдаланылған бройлер етінің химиялық, минералдық және аминқышқылдық құрамының жоғарылауына, ауыр металдардың қалдық мөлшерінің төмендеуіне әсер тетіндігі анықталған. Сонымен қатар, қанның гематологиялық көрсеткіштері қалыпты физиологиялық күйде сақталып, құстардың жалпы жағдайының тұрақтылығын көрсеткен.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен;	Жоғары. Орындалған диссертациялық жұмыс ғылыми тілде, түсінікті жазылған. Жүргізілген жұмыс нәтижелері мен талдау бөлімдерінде арнайы дереккөздерге сілтеме жасалған.

		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Негізделген. Диссертацияда зерттеу жұмысының өзектілігі толығымен ашылған, себебі «ШунгиҚұс» азықтық қоспасының бройлер етінің ветеринариялық-санитариялық сапасын жақсартуға және экологиялық қауіпсіз өнім өндіруге мүмкіндік беретін тиімді биологиялық қоспа екенін дәлелдейді. Яғни бүгінгі таңда адамдар пайдаланатын құс шаруашылығы, өнімдерінің сапалы, қауіпсіз болуы үшін дұрыс ветеринариялық-санитариялық сараптау жұмыстарын ұйымдастыру өзекті мәселе болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Айқындайды. Диссертация тақырыбы «ШунгиҚұс» дәстүрлік емес азықтық қоспасын қолданған кездегі бройлер етін ветеринариялық-санитариялық бағалау болса, осы сұрақтар толықтай диссертация мазмұнында ашылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Сәйкес келеді. Диссертанттың зерттеу жұмысындағы алдына қойылған мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді, міндеттер толықтай орындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы өз ара логикалық байланыста, Шунгитті өндіру технологиясы мен оған қойылатын ветеринариялық-санитариялық талаптар, «ШунгиҚұс» дәстүрлік емес азықтық қоспасын әзірлеу және оның зертханалық жануарларға токсикологиялық әсерін анықтау, Бройлер балапандарына арналған азық үлгілерінің химиялық және минералдық құрамы, «ШунгиҚұс» дәстүрлік емес азықтық қоспасының бройлер балапандарының өнімділігі мен қанының гематологиялық көрсеткіштеріне әсері, Бройлер балапандары етінің сапасын ветеринариялық-

			санитариялық бағалау, азықтық қоспаның құстардың еті мен жұмыртқаларының химиялық, минералдық және аминқышқылдық құрамына әсері, Ет құрамындағы ауыр металдардың қалдық мөлшерін анықтау, Құстардың бұлшық еті мен ішкі мүшелерін морфогистологиялық зерттелген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Сыни талдау бар. Автор зерттеу барысында «ШунгиҚұс» дәстүрлік емес азықтық қоспасының құс етімен жұмыртқасының химиялық минералды және аминқышқылдық құрамына, қанының биохимиялық және гематологиялық көрсеткіштеріне, сондай-ақ, сүттің құрамындағы ауыр металдардың шығарылуына әсері анықталған. Әрбір қолданған әдіске сыни талдау жасалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қорғауға шығарылған негізгі қағидалар ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қолданыстағы ғылыми мәліметтерді толықтырып, зерттелетін мәселенің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді. Ұсынылған ғылыми тұжырымдар эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен негізделген және олардың практикалық маңыздылығы көрсетілген. Зерттеу аясында әзірленген технологиялық шешімнің жаңалығы пайдалы модельге берілген патентпен расталады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Толығымен жаңа. Құс өнімдерін жақсартуға арналған «ШунгиҚұс» дәстүрлік емес азықтық қоспасының бройлер етінің минералды және аминқышқылдық құрамына, қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне, сондай-ақ, еттің құрамындағы ауыр металдардың шығарылуына әсері, зертханалық жануарларға токсикологиялық әсері, қауыпсіздігі анықталған. «ШунгиҚұс» дәстүрлік емес азықтық қоспасын қолданған кезде қандағы гемоглобиннің мөлшері

			бақылау тобымен салыстырғанда 8,6 % жоғарыласа, эритроциттердің мөлшері 6,9% артық болды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған техникалық және технологиялық шешімдер жаңашылдығымен ерекшеленеді және ғылыми тұрғыдан негізделген. Атап айтқанда, «Бройлерлерді минералды азықтық қоспамен қоректендіру тәсілі», «Бройлерлерді биологиялық белсенді азықтық қоспамен қоректендіру тәсілі». Құс шаруашылығында азықтандыру технологиясын жетілдіруге бағытталған технологиялық шешім болып табылады. Аталған тәсілдердің жаңалығы пайдалы модельге берілген патентпен расталған, ал оның тиімділігі жүргізілген эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Жүргізілген жұмыс нәтижесіндегі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеулер нәтижесінде алынған және диссертациялық жұмыста баяндалған ғылыми деректер, қорытындылар және ұсыныстардың ғылыми негізделу дәрежесі жоғары. Ғылыми нәтижелердің логикалық байланысы және ғылыми тұрғыда құндылығы бар.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	Диссертацияда қорғауға ұсынылған барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, эксперименттік зерттеу нәтижелерімен, патентпен және ғылыми жарияланымдармен негізделген. Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидаттары тривиалды емес, жаңашылдығы бар. Диссертант өзінің ғылыми жұмысында алғаш рет «ШунгиҚұс» дәстүрлік емес азықтық қоспасының құс етінің, жұмыртқасының минералды және аминқышқылдық құрамына, қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне, сондай-ақ, еттің құрамындағы ауыр металдардың шығарылуына әсерін анықтады. Диссертациядағы нәтижелерді құс шаруашылықтарында қолдануға болады. Диссертациялық жұмыс көлемінде алынған материалдар

		7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	докторанттың жарық көрген мақалаларында жан-жақты дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	**Ия.** Зерттеу әдістемесін таңдау ғылыми тұрғыдан негізделген және оның мазмұны жеткілікті дәрежеде сипатталған. Әдістеменің таңдауы және диссертациялық жұмыстағы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	**Ия.** Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи зерттеу әдістерін, сондай-ақ компьютерлік технологияларды қолдану арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерін пайдалану негізінде алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	**Ия.** Бройлер етінен, құс жұмыртқаларынан алынған сынамаларды зерттеу нәтижелері әзірленген әдістің жоғары сезімталдығы мен спецификалығын көрсетті, жалпы әдістерімен алынған нәтижелермен дәлелденген және расталған және тәжірибе жүзінде сәтті қолданылды. Осылайша, ұсынылған теориялық гипотезалар ғылыми тұрғыдан негізделіп, эксперименттік зерттеу

			нәтижелерімен дәлелденді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыстағы мәлімдемелері маңызды әрі нақты және сенімді. Диссертациялық жұмыс отандық, шет елдік ғалымдарының ғылыми әдебиеттеріне сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті түрде қамтылған, диссертацияда 197 дереккөздер берілген, олардың едәуір бөлігін рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған шетелдік еңбектер құрайды. Диссертанттың барлық негізгі ғылыми тұжырымдары заманауи әрі беделді ғылыми дереккөздермен сенімді түрде негізделген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	**Ия.** Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі «ШунгиҚұс» дәстүрлі емес азықтық қоспасының бройлер етінің минералды және аминқышқылдық құрамына, қанының гематологиялық көрсеткіштеріне, сондай-ақ, еттің құрамындағы ауыр металдардың шығарылуына әсерін зерттеген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	**Ия.** Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Қазақстандық табиғи минерал шунгит негізінде «Шунги Құс» дәстүрлі емес азықтық қоспасын әзірлеу және бройлер құстарының рационына қосып азықтандыру кезіндегі еттің, жұмыртқаның сапасы ветеринарлық-санитариялық сараптау болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелеріне сәйкес құстардың негізгі рационына «Шунги Құс» дәстүрлі емес азықтық қоспасын 5% мөлшерде қолдану ұсынылған. Сонымен қатар, «ШунгиҚұс» азықтық қоспасын ет құрамындағы ауыр металдардың (кадмий, қорғасын) қалдық мөлшерін төмендету мақсатында қолдануды ұсынған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы - жоғары. Диссертация мәтіні ғылыми стильде, жүйелі, бірізді және логикалық тұрғыдан құрылымды түрде жазылған. Жұмыста ғылыми терминология дұрыс қолданылған, грамматикалық тұрғыдан сауатты сөйлем құрылымдары пайдаланылған және беделді ғылыми дереккөздерге тиісті сілтемелер берілген. Материал академиялық ғылыми жұмысқа қойылатын құрылымдық талаптарды сақтай отырып, нақты әрі түсінікті баяндалған. Диссертацияда ғылыми негізделген қорытындылар, зерттеу әдістерінің нақты сипаттамалары және пайдаланылған әдебиеттер тізімінің талаптарға сай рәсімделуі қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыстың баяндалу стилі философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияда орфографиялық қателер кездеседі, алайда олар жұмыс маңыздылығына әсер етпейді. *Диссертацияда 63 бетте «УКШ», 66 бет «LD_{50}», 72 бетте «BWG», «ADG», «FCR», 75 бетте «HGB», «HCT», «RBC», «WBC», 80 бетте «ІТЖБ», 85 бетте «АШ» сөздері белгілеулер мен қысқартулар бөлімінде көрсетілмеген.* *44,72,85 беттерде «ДеАҚ» деп жазылған, қысқартулар бөлімінде ол ДЕАҚ деп көрсетілген.* Аталмыш ескертулер диссертация маңызын жоймайды деп санаймын.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докоранттың зерттеу тақырыбы	Докоранттың диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары деп бағаланады. Жарияланған еңбектердің қатарында Scopus және Web of Science халықаралық дерекқорларында индекстелетін, рецензияланатын «Veterinary Science» (82-процентиль) халықаралық ғылыми журналында 3 мақала жарық көрген. Бұл зерттеу нәтижелерінің халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанын растайды. Қалған 1 ғылыми жарияланым Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының пайдалы модельге 2 патент алынған. Ғылыми жарияланымдардың тақырыптары диссертациялық жұмыстың мазмұнына толық сәйкес келеді, зерттеудің негізгі кезеңдерін қамтиды және таңдалған ғылыми тақырыптың жүйелі әрі жан-жақты зерттелгенін көрсетеді.	

	бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Қауымбаева Мөлдір Шәріпқызының «8D09102 – Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «ШунгиҚұс» дәстүрлік емес азықтық қоспасын қолданған кездегі бройлер етін ветеринариялық-санитариялық бағалау атты диссертациялық жұмысы өзіндік түрде орындалған, толық аяқталған ғылыми-зерттеу деп санаймын және авторға «8D09102 – Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі тағайындалуына ұсынамын.

Ресми рецензент:

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» КеАҚ,

Ветеринария және агротехнология институтының директоры, ветеринария ғылымдарының кандидаты, профессор **Б.Е. Нургалиев**

«17» 10 2026 жыл

Персонамен жұмыс жөніндегі басқармасы

"ЖӘҢГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ

қолын куәландырамын

ПЖЖ басқармасының

2026 ж. «27» 10

"ЖӘҢГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ" КеАҚ